



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 28 қаңтар

2019 жылғы 18 қаңтардан 25 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

25 қаңтардағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,3%-ға нығайып (378,66-дан), 377,46 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 18 қаңтардан 25 қаңтар аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар Жапонияның ОБ мен ЕОБ-нің негізгі мөлшерлемені сақтау бойынша шешімдері, АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда-саттық келіссөздердің барысы туралы қарама-қайшы жаңалықтар, Қытайдағы ІЖӨ өсуінің соңғы онжылдықта ең төменгі қарқынға дейін баяулауы туралы статистиканы жариялау, Терезой Мэйдің Брексит бойынша әзірлеген баламалы келісімін талқылау және Парламент ұсынған келісімнің мақұлданбауына байланысты ЕО-дан шығу бойынша мерзімдерді көшіру туралы күтулердің өсуі, Еуроодақ елдерінде баяулау аясында әлемдік экономиканың 3,5%-ға дейін өсуі бойынша ХВҚ болжамының төмендеуі, сондай-ақ АҚШ-тың федералдық ведомстволарының қызметін уақытша жаңғыртуы болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка рэнді** инвесторлардың тәуекел активтеріне қызығушылығының жалпы өсуі аясында 1,7% -ға (13,85-тен 13,62-ге дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** 1,25 млрд. еуро сомаға еурооблигацияларды табысты орналастыру аясында 1,1%-ға (5,33-тен 5,27-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** баяулаудың үлкен қарқынын күту кезінде қаңтардың алғашқы екі аптасында инфляцияның жылдық көрсеткіште 4,52%-ға дейін баяулауы аясында 0,6%-ға (19,10-нан 18,99-ға) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** ағымдағы аптада ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда-саттық келіссөздердің басталуы қарсаңында инвесторлардың тәуекелге көзқарасының жақсаруы аясында 0,6%-ға (14 178-ден 14 093-ке дейін) нығайды;


¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі және салықтық төлемдер кезеңі аясында 0,3%-ға (66,18-ден 66,01-ге дейін) нығайды;
- **Үндістан рупиясы** бір АҚШ доллары үшін 71,19 - 71,17 рупий аралығында саудаланды;
- **Бразилия реалы** Жаир Болсонарудың ұлына қатысты салықтық тергеулер жөніндегі хабарлардың аясында 0,5%-ға (3,75-тен 3,77-ге дейін) әлсіреді.



Дамушы елдер валютасының серпіні (11 қаңтар 2018=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz